



БҰЙРЫҚ

19.03.2026 № 53

Орал қ.

ПРИКАЗ

№

г. Уральск

**«Ауыл мектебі: тең мүмкіндіктер»
жобасы аясында 20 толық, 51 шағын
жинақты мектептің физика, химия,
биология пәндері мұғалімдерінің облыстық
олимпиадасын өткізу туралы**

Батыс Қазақстан облысы әдістемелік орталығы мен «EduMAX» ЖШС-нің бірлескен жұмыс жоспарына сәйкес «Ауыл мектебі: тең мүмкіндіктер» жобасы аясында ағымдағы жылдың 14 сәуір күні 20 толық, 51 шағын жинақты мектептің физика, химия, биология пән мұғалімдерінің пәндері мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін арттыру, пәндік білім деңгейін бағалау және дарынды, шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтерді ынталандыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026 жылдың 14 сәуір күні 20 толық, 51 шағын жинақты мектептің физика, химия, биология пән мұғалімдерінің облыстық олимпиадасы өткізілсін.
2. Олимпиаданың Ережесі мен ұйымдастыру комитеті бекітілсін (1,2 қосымшалар).
3. Аудандық (қалалық) білім беру бөлімдерінің басшылары: қатысушылардың облыстық олимпиадаға уақытылы қатысуына қолдау көрсетсін.
4. Мониторинг, ұйымдастыру және талдау бөлімі (А.Бексултанова) байқаудың бекітілген ережесі бойынша ұйымдастыру комитетінің сапалы жұмыс жасауын қамтамасыз етсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың орынбасары А.Масалимовке жүктелсін.

Директор

Г.Кубашева

**Батыс Қазақстан облысының «Ауыл мектебі: тең мүмкіндіктер»
жобасындағы 20 толық жинақты, 51 шағын жинақты мектептің
физика, химия және биология пәндері мұғалімдерінің олимпиадасы
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1.1. «Ауыл мектебі: тең мүмкіндіктер» жобасындағы 20 толық жинақты, 51 шағын жинақты мектептердің физика, химия, биология пәндері мұғалімдерінің облыстық олимпиадасын (әрі қарай - Олимпиада) ұйымдастырушы - Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының әдістемелік орталығы мен «EduMAX» ЖШС.

1.2. Осы Ереже Батыс Қазақстан облысының «Ауыл мектебі: тең мүмкіндіктер» жобасындағы 20 толық жинақты, 51 шағын жинақты мектептердің физика, химия, биология пәндері мұғалімдері арасында өтетін Олимпиаданың (бұдан әрі – Олимпиада) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін белгілейді.

2. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты:

«Ауыл мектебі: тең мүмкіндіктер» жобасындағы 20 толық жинақты, 51 шағын жинақты мектептердің физика, химия, биология пәндері мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін арттыру, пәндік білім деңгейін бағалау және дарынды, шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтерді ынталандыру.

2.2. Олимпиаданың міндеттері:

- Мұғалімдердің физика, химия, биология пәндері бойынша теориялық және практикалық білім деңгейін анықтау;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін, әдістемелік шеберлігін бағалау;
- дарынды, шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдерді анықтау және қолдау;
- ауыл мектептері мұғалімдерінің кәсіби дамуына тең мүмкіндіктер жасау;
- пәндерді оқыту сапасын арттыруға ықпал ету;
- мұғалімдердің өзін-өзі дамытуға және кәсіби өсуге деген мотивациясын арттыру.

3. Қатысушылар

3.1 Олимпиадаға Батыс Қазақстан облысының «Ауыл мектебі: тең мүмкіндіктер» жобасындағы 20 толық жинақты, 51 шағын жинақты мектебінде

қызмет ететін физика, химия және биология пәндерінің мұғалімдері қатыса алады (әр пәннен 1 мұғалімнен).

3.2 Әр қатысушы тек өзі сабақ беретін 1 (бір) пән бойынша (физика, химия немесе биология пәндері) бақ сынайды.

4. Өткізу тәртібі мен шарттары

4.1. Олимпиада тест форматында өткізіледі.

4.2. **Сұрақтар саны:** Әр пәннен (физика, химия, биология) олимпиадалық деңгейдегі 30 тест сұрағы (есептер мен логикалық тапсырмалар) беріледі.

4.3. **Жауап нұсқалары:** Тест тапсырмаларында бірнеше жауап нұсқасы ұсынылады және оның ішінде тек 1 (бір) ғана дұрыс жауабы болады.

4.4. **Уақыт шектеуі:** Тест тапсырмаларын орындауға жалпы 90 минут (1 сағат 30 минут) уақыт бөлінеді.

5. Бағалау критерийлері

Әрбір дұрыс жауап 1 (бір) ұпаймен бағаланады. Ең жоғарғы ұпай саны – 30 ұпай.

Қате жауаптар үшін ұпай есептелмейді.

Қатысушылардың ұпайлары тең түскен жағдайда, тапсырманы ерте аяқтаған мұғалімге басымдық беріледі.

6. Жеңімпаздарды анықтау және марапаттау

Жеңімпаздар жинаған ұпайларының қорытындысы бойынша анықталады.

Олимпиада жүлдегерлері (I, II, III орын иегерлері) арнайы дипломдармен марапатталады.

Барлық қатысушыларға «Қатысушы сертификаты» табысталады.

7. Ұйымдастыру комитеті және байланыс ақпараты

7.1. Олимпиаданың өтетін күні: **14 сәуір 2026 ж**

7.2. Өтетін орны: Мичурин МББК, Бәйтерек ауданы

7.3. Олимпиадаға қатысушылардың сұраныстары 2026 жылдың 3 сәуіріне дейін batys-adis@itc.edu.kz электрондық поштасына жолданады. Көрсетілген мерзімнен кешіктірілген сұраныстар қабылданбайды.

7.4. Қосымша сұрақтар бойынша байланыс нөмірі: 87066870090, Эл. пошта: s.jandossov@bil.edu.kz